

БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

Жапониядағы сөз бостандығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.12.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/127368/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жапонияның 1946 жылы 3 қарашада қабылданған Ата Заңының 3-ші бабының 21 тармағында «Мәжілістер мен басқосулар еркіндігіне және сөз бостандығы мен баспасөз бостандығына, пікір білдірудің өзге де түрлеріне кепілдік беріледі. Цензураға...

Жапонияның 1946 жылы 3 қарашада қабылданған Ата Заңының 3-ші бабының 21 тармағында «Мәжілістер мен басқосулар еркіндігіне және сөз бостандығы мен баспасөз бостандығына, пікір білдірудің өзге де түрлеріне кепілдік беріледі. Цензураға жол жоқ; ақпарат құпиялылығы сақталуы тиіс» деп жазылған. Жапонияда журналист Үкімет немесе Парламент мүшесінен сұхбат алу үшін міндетті түрде «Саяси журналистердің ұйымына» мүше болу керек. Осы ұйымның журналистері ғана Үкіметтегі баспасөз мәслихатына, ресми кездесулерге, т.б. қатысу мүмкіндігіне ие. Жапон журналистикасының қазіргі таңдағы мәселесі ретінде Күншығыстағы қалам иелері сол ұйым журналистерінің саяси қайраткерлердің баспасөз хатшысы деңгейінен аса алмай жатқандығын айтып жүр.

Жапон журналистикасына тән ерекшеліктің бірі — газет-журнал бетінде мақала авторының аты-жөні жазылмауы және суретінің басылмауы. «Журналист болу дегеніміз – елге танылу» деген біздің түсінік оларға жат. Дегенмен, кейінгі жылдары біраз басылымдар журналистің аты-жөнін жариялаумен қатар, автордың еңбек жолы туралы мағлұмат беру үрдісіне көшкен. Қазақ журналистикасына ойды көбінесе тұспалдап, астарлап жеткізу, ой қорытуды оқырманның еншісіне қалдыру тән болса, жапон баспасөзіне нақтылық, дәлдік, тура айту, жинақылық сипаты басым.

Жапонияда журналистерді және де ақпарат құралдарының өзге де мамандарын жоғары оқу орындарындағы социология, ақпараттық технология, қоғамдық өндіріс, филология тәрізді факультеттер құрамындағы медиа бөлімдері даярлайды. Бұндай бөлімдер көптеген университеттерде ашылған. Жылына жалпы таралымы 4 миллиард дана болатын 3000 түрлі газет-журнал шығады. Күн сайын газеттердің 90 пайызы үйге

жеткізіледі. Газет тасушылардың көпшілігі – мектеп оқушылары. Газет бетіндегі кеңістіктің 40 пайызы жарнамаға арналған. Жапон баспасөзі үшін жарнама – маңызды табыс көзі.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.